

Сарыкөл ауданының шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 10 шешімі.
Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 26 желтоқсанда № 9-17-128 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес және "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабы 3-тармағы негізінде **ШЕШЕМІН:**

1. 2012 жылдың қаңтар айынан наурыз айына дейін шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін (келісім бойынша).

2. "Сарыкөл орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның бас дәрігеріне (келісім бойынша) "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірлесіп тіркеу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының Ішкі істер департаменті Сарыкөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) шақыру учаскесіне азаматтарды тіркеу кезеңінде әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды жүзеге асырсын.

4. Селолық округтердің және Сарыкөл кентінің әкімдері "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеуден өту үшін азаматтардың уақытылы келуін қамтамасыз етсін және әскер жасына дейінгілерді әскери есепке алуға көмек көрсетсін.

5. "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) "Сарыкөл ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп тіркеу өткізу кезеңінде:

1) әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеудегі нарядты ауданның оқу орындарына жеткізсін;

2) бастапқы әскери даярлықтың оқытушы-ұйымдастырушыларын әскери-оқу орындары жөніндегі анықтамалық материалдармен қамтамасыз етсін;

3) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұмысты ұйымдастырсын, әскери-оқу орындарына кандидаттарды іріктеу бойынша жұмыстың басталғаны туралы х а б а р л а н д ы р у б е р с і н ;

4) тіркеу уақытында әскери-оқу орнына түсуге әскери-кәсіптік бағыттау мақсатында әр әскер жасына дейінгілермен жеке әңгімелесу өткізсін.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.М. Дүтпаевқа ж ү к т е л с і н .

7. Осы шешім ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыкөл ауданының әкімі

А. Тұрсынов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р м и н и с т р л і г і
Қ о с т а н а й о б л ы с ы н ы ң І ш к і
і с т е р д е п а р т а м е н т і С а р ы к ө л
а у д а н ы н ы ң і ш к і і с т е р б ө л і м і"
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і н і ң
(М М) б а с т ы ғ ы

_____ З. Төлеубаев

"Қ о с т а н а й о б л ы с ы С а р ы к ө л
а у д а н ы н ы ң қ о р ғ а н ы с і с т е р і
ж ө н і н д е г і б ө л і м і" М М б а с т ы ғ ы

_____ Т. Өтегенов

"С а р ы к ө л а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
б і л і м б ө л і м і" М М б а с т ы ғ ы н ы ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

_____ Г. Холодило

"С а р ы к ө л о р т а л ы қ а у д а н д ы қ
а у р у х а н а с ы " к о м м у н а л д ы қ
қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р ы н н ы ң
б а с д ә р і г е р і

_____ Ж. Құсаинов